

Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 40-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 наурызда № 7480 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 717 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 24.11.2022 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2012 жылғы 24 ақпандағы № 40-ө
бұйрығымен бекітілген

Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес және полихлордифенилдердің (бұдан әрі - ПХД) қоршаған ортаға түсуін және онда таралуын алдын алу мақсатында "Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 маусымдағы № 259 Заңымен "Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 ақпандағы № 389-II Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

Стокгольм конвенциясы бойынша жойылуы қиын органикалық ластауыштар (бұдан әрі - ЖҚОЛ) 22 затты қамтиды: альдрин; дильдрин; эндрин; гептахлор; ДДТ; мирекс; токсафен; хлордан; гексахлорбензол; ПХД; ПХДД; ПХДФ; альфа-гексахлорциклогексан; тетра- және пента-бромдифенилді эфирлер; гекса- және гептабромдифенилді эфирлер; хлордекон; гексабромдифенил; линдан; перфтороктанды сульфон қышқылы және оның тұздары; альфа және бета-гексахлорциклогексан; пентахлорбензол; эндосульфан.

1. Осы Қағидалар құрамына:

- 1) Электр жабдықтарды түгендеу;
- 2) Құрамында ПХД бар жабдықты пайдалану;
- 3) Құрамында ПХД бар жабдықты пайдаланудан шығару;
- 4) Құрамында ПХД бар қалдықтарды орау;
- 5) Құрамында ПХД бар қалдықтарды таңбалау;
- 6) Құрамында ПХД бар қалдықтарды сақтауды ұйымдастыру;

7) Құрамында ПХД бар қалдықтарды тасымалдау кіретін жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалардың күші:

құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтардың меншік иелері болып табылатын, ПХД-дің төгілу салдарларын жоюмен зақымдалған жабдықтарды ораумен, ПХД негізіндегі диэлектрикалық сұйықтықтарды құюмен, құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтарды тасымалдаумен және сақтаумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтардың меншік иесі) таралады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Адсорбент – оған тиген газдардың немесе сұйықтықтардың (белсендірілген көмір, цеолиттер, силикагельдер, вермикулит, күйе, оксидтер және кейбір металлдардың гидроксиді (негізінен алюминийдің), кеуек металлдар, табиғи минералдар, саздар) заттардың адсорбциясы болатын үлкен бетті жоғары дисперлік табиғи немесе жасанды материалдар;

2) Біріккен Ұлттар Ұйымымен сертификатталған ыдыстар (бұдан әрі - БҰҰ-сертификатталған ыдыстар) – "Қазақстан Республикасының Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімге қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 мамырдағы № 193-ІІ Заңына (бұдан әрі - Халықаралық жол тасымалы туралы келісім) сәйкес қалдықтарды тасымалдау үшін рұқсат етілген металл бөшекелер, контейнерлер. Мұндай контейнерлерде өндірушінің айғақтайтын құжаттары және корпусында өндірушінің тұрақты таңбасы бар (UN1A1 – сұйық қалдықтар үшін жабатын болат бөшекелер);

3) Жеке қорғаныс құралдары (бұдан әрі - ЖҚҚ) – ПХД-мен жұмысқа жарамды ЖҚОЛ ықпалынан персоналдың қорғаныс құралдары;

4) Жойылуы қиын органикалық ластауыштар (бұдан әрі - ЖҚОЛ) – ыдырауға төзімді, биожинақтағыштығымен сипатталатын және ауа, су және көшпелі түрлері арқылы трансшекаралық таралу объектісі болып табылатын, сондай-ақ құрлық экожүйелерінде және су экожүйелерінде жинақтала келіп, өздерінің шығарынды көздерінен алыс қашықтықта шөгетін, тірі организмдердің иммундық, эндокриндік жүйесінің бұзылуына және онкологиялық ауруларды қоса алғанда, түрлі ауруларға алып келетін неғұрлым қауіпті органикалық қосылыстар;

5) Қалдықтарды тасымалдау – қалдықтарды түзілген объектіден оларды сұрыптайтын, сақтайтын, қайта өңдейтін, залалсыздандыратын, көметін және жоятын объектіге дейін қалдықтарды ауыстыру;

6) Қауіпті қалдықтардың паспорты – қалдықтардың түзілу үдерісін, олардың шыққан жері, олардың сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша стандартталған сипаттамасын, олармен жұмыс істеу ережесін, оларды бақылау әдістерін, бұл қалдықтардың қоршаған орта мен адам денсаулығына және (немесе) тұлғалардың мүлкіне зиянды әсерінің түрлерін, қалдықтарды шығарушылар туралы, оларды меншігінде ұстайтын өзге де тұлғалар жөніндегі мәліметтерді қамтитын құжат;

7) Құрамында ПХД бар жабдық - құрамында ПХД 0,005 % (>50 мг/кг) асқан немесе ішкі бедерлері ПХД-мен 1 мг/м² мөлшерде және одан да көп ластанған жабдық (трансформаторлар, конденсаторлар, сөндіргіштер, резервуарлар, сорғыштар, гидравликалық және басқа да жабдықтар). Егер де құрамында ПХД жоқ немесе жоғарыда көрсетілген мөлшерлерден аспаған ластаулар жоқ деген объективті айғақтар ұсынылмаса, онда маймен немесе синтетикалық сұйықтықтармен толтырылған кез келген жабдық құрамында ПХД бар болып есептеледі;

8) Құрамында ПХД бар қалдықтар – пайдалануға жарамсыз құрамында ПХД бар жабдықтар, сондай-ақ ПХД-мен ластанған топырақ, су түбіндегі шөгінділер және өзге де материалдар (май, құрылыс қалдықтары, ескі құсқы, арнайы киім, ыдыс, сорбенттер, еріткіштер, аспаптар, шлангтер, сорғыштар);

9) Ораманың сәйкестендіру нөмірі (ОСН) – жабдықтардың немесе қалдықтардың меншік иесінің түгендеу барысында немесе анықтау фактісі бойынша құрамында ПХД бар қалдықтардың орамасына (контейнерлерге, ыдыстарға) берілетін нөмірі. Нөмір қалдықтарды орамаға орналастырудан бұрын беріледі;

10) өрт сөндірудің алғашқы жабдықтары - тиісті сыныптағы өрт сөндіргіштер (ұнтақты, көмір қышқыл, хладондық), өртке төзімді жамылғылар, құм, өртке қарсы құрал-саймандар;

11) Полихлорланған дифенилдер (бұдан әрі - ПХД) -, құрамында хлор - изомер, гомолог немесе конгенер (олардың ішінде полихлорланған терфенилдер, монометил-тетрахлордифенил метан, монометил-дихлор-дифенил метан және монометил-дибром-дифенил метан, және басқа да заттар полихлорланған терфенилдер, монометил-тетрахлордифенил метан, монометил-дихлор-дифенил метан, монометил-дибром-дифенил метан, көрсетілген заттардың біреуін болсын құрамында жалпы алғанда 0,005% (50 мг/кг = 50ppm) асқан кез келген қоспа) атомдарымен қосылған құрамында дифенил молекуласы бар улы хлорорганикалық заттар;

12) ПХД-диэлектриктер – ПХД негізіндегі синтетикалық диэлектрикалық сұйықтықтар, оның ішінде - гексол, нитросовол, пентахлордифенил, совол (совол -1, совол-2, электр окшаулаушы совол), совтол (совтол-10, совтол-11, совтол-Ю), трихлордифенил, пиранол, арохлор;

13) ПХД түгендеу – электротехникалық жабдықтарды сәйкестендіру, жабдықтар мен қалдықтарда ПХД бар болуын тексеру, құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтарға қатысты есептілікті таңбалау, есепке алу және ұсыну бойынша қызмет;

14) ПХД уақытша сақтаудың орталықтандырылған қоймасы (бұдан әрі - ПХД УСОҚ) – құрамында ПХД бар қалдықтарды кейіннен қауіпсіз жою немесе залалсыздандыру мақсатында оларды арнайы бөлінген жерде рұқсат етілген орналастыру;

15) Сәйкестендіру нөмірі (СН) – түгендеу барысында меншік иесінің жабдыққа берілген нөмірі;

16) Тасымалдау қатысушылары – құрамында ПХД бар қалдықтардың меншік иелері, ПХД УСОҚ иелері, жүкті тиейтін, тасымалдайтын, жүкті түсіретін, қорғайтын және жүкті сүйемелдейтін кәсіпорындар мен ұйымдар;

17) Уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары.

2. Электр жабдықтарды түгендеу

4. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесінде бар немесе оның аумағында орналасқан барлық электр жабдықтар, оның ішінде басқа

ұйымның аумағында уақытша орналасқан жабдық түгенделуге жатады. Жабдықтарды түгендеуді өз күшімен немесе өзге ұйымдарды тарту арқылы жүргізуге болады.

5. Түгендеудің негізгі міндеттері:

- 1) құрамында ПХД бар жабдықтарды анықтау;
- 2) құрамында ПХД бар жабдықтарды мемлекеттік және өндірістік есепке алу мен есептілікті ұйымдастыру болып табылады.

6. Жабдықтарды түгендеу екі кезеңмен жүргізіледі:

Бірінші кезең - техникалық құжаттамалар негізінде құрамында ПХД бар жабдықтарды тікелей қарау кезінде оны сәйкестендіру, жабдықтарды есепке алудың алғашқы тізілімін дайындау, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін аралық есеп ұсыну;

Екінші кезең - ПХД бар болуына зертханалық талдаулар жүргізу, зертханалық талдаулардың хаттамалары негізінде құрамында ПХД бар жабдықтарды есептеудің қорытынды тізілімін әзірлеу мен 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін уәкілетті органның аймақтық бөлімшелеріне түпкілікті есеп ұсыну.

7. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықта ПХД бар болуына түгендеу жүргізу бойынша жоспарын әзірлейді.

8. Түгендеу жүргізу бойынша жоспар құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі бұйрығымен бекітіледі және келесі іс-шараларды қамтиды:

1) құрамына электр жабдықтарды пайдалану бойынша және экология бойынша кәсіпорын қызметінің өкілдері кіретін түгендеу жүргізу жөніндегі комиссияны құру;

2) түгендеу жүргізу үдерісіне тартылған персоналды оқыту (тренинг немесе нұсқау);

3) жабдықтардың типі және саны туралы ақпараттарды жинау;

4) электр жабдықтарды қарау, сәйкестендіру және таңбалау, сынама алу;

5) осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес ПХД бар екендігін анықтау үшін алғашқы құрамында ПХД бар жабдықтарды есептеу тізілімін әзірлеу және уәкілетті органға ұсыну;

6) осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес 2-ші топтағы жабдықтардың сынамасын зертханалық талдау;

7) зертханалық зерттеулердің нәтижесі бойынша құрамында ПХД бар жабдықтарды есептеудің қорытынды тізілімін әзірлеу және уәкілетті органға ұсыну;

8) құрамында ПХД бар жабдықтардың мәртебесінің өзгергендігі туралы жыл сайынғы есептерді уәкілетті органға ұсыну.

9. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі бұйрығымен бекітілген Электр жабдықтарды түгендеу жүргізу жөніндегі жоспар уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына 2012 жылдың 31 шілдесіне дейін ұсынылады.

10. Сәйкестендіру осы жабдықтың сәйкестендіру кестесі (зауыт белгісі) немесе паспорты, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, ішкі түгендеу ведомості негізінде жүргізіледі.

11. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – СН) құрылымы нысаны бойынша барлық электр жабдықтарды сәйкестендіреді және оған СН береді.

12. Жабдықтарды сәйкестендіру барысында құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі жабдықтың әрбір бірлігіне осы Қағидаларға 3-қосымшасы бойынша жабдықтың сәйкестендіру нысанына сәйкес мәліметтерді толтырады.

13. Жабдыққа СН берілгеннен кейін нөмірлі заттаңбаны жабдықтың көрінетін жағына (бет жағына) орналастырады.

14. Электр оқшаулаушы сұйықтықтар айналымының көмекші жүйелерімен гидравликалық өзара байланысты жабдықтарға ортақ жеке сәйкестендіру нөмірі беріледі.

15. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі тікелей қарау және техникалық құжаттармен танысу негізінде жабдықты үш топтың біреуіне жатқызады:

1) 1 топ – ПХД барлығы техникалық құжаттардың негізінде анықталған жабдық, осы Қағидаларға 4-қосымшасы бойынша Құрамында ПХД бар жабдықтардың тізбесіне сәйкес жабдықтың өндірушісі, маркасы немесе типі туралы расталған мәліметтер жабдықта ПХД бар екендігінің фактісі болып табылады;

2) 2 топ – құрамында әлеуетті ПХД бар жабдықтар. Аталған топқа жатқызылған жабдықтар уақытша сипатқа ие және 1 немесе 3 топқа ауыстыру үшін зертханалық талдаулардың нәтижесін немесе өндірушіден жабдықта ПХД жоқ екендігін растайтын сертификат ұсынуды талап етеді;

3) 3 топ – құрамында ПХД жоқ жабдықтар. Бұл топқа:

1995 жылдан кейін шығарылған конденсаторлар;

Жабдықтан алынған майдың сынамасын алу зауыт-әзірлеушінің техникалық құжаттамасының негізінде жасалған кездерді қоспағанда оларда ПХД жоқтығы

туралы зертханалық растаулар болған жағдайда трансформаторлар және басқа да маймен толтырылған электр техникалық жабдықтар;

ПХД жоқ екендігін растайтын сертификат болған, яғни ПХД концентрациясы 50 мг/кг төмен сатып алынған жаңа жабдық жатады.

16. ПХД концентрациясын анықтау, оның бар немесе жоқ екендігін растау аккредиттелген зертханаларда жүргізіледі. ПХД сапалы анықтау үшін L2000DX анализаторы және CLOR-N-OIL, CLOR-N-SOIL тестілік жиынтығы немесе осы жұмыстарға арналған басқа құралдар қолданылады. ПХД сандық анықтау газдық немесе газдық сұйықтық хроматографта және хроматомасс-спектрометрде жүзеге асырылады.

17. Жабдықтарды таңбалау осы Қағидаларға 5-қосымшасы бойынша жабдықтарды таңбалау үлгісіне сәйкес жүргізіледі.

18. 2-топқа жатқызылған жабдықтан электр оқшаулаушы майдың және синтетикалық диэлектрлік сұйықтықтардың сынамасын алу осы жабдықпен жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті реттейтін құжаттарға сәйкес жұмысты қауіпсіз орындау жөніндегі барлық ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар орындалады:

1) Электр жабдықтан сынаманы алуды ол өшірілген соң алғашқы 3 сағат ішінде жүзеге асырылады;

2) Егер жабдық құрамында ПХД бар ретінде анықталған болса, онда сынама алудың қажеттілігі жоқ;

3) Төгілуді болдырмас үшін жабдықтың астына екінші қорғаныс табандық немесе адсорбент қойылсын;

4) ПХД теріге тиюін болдырмас үшін бір реттік қолғаптар, қорғаныс комбинезонын пайдаланады, ал көз шашырауы мүмкін майлардан көзілдіріктің көмегімен қорғалады;

5) ПХД-ның және оның буының теріге, шырышты қабаттарға және тыныс алу жолдарына тиюін болдырмас үшін персоналдар сынаманы алу үдерісінде ЖҚҚ пайдаланады;

6) Сынама алу өндіруші зауыт арнайы қарастырған төгу құрылғысы арқылы жүргізіледі;

7) Сынама үшін ыдыс ретінде шыны бөтелкелерді пайдаланады.

19. Электр оқшаулаушы май немесе синтетикалық диэлектрикалық сұйықтығы бар жабдықтың әрбір бірлігінен талдау жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде сынама алынады, сынамасы бар ыдыс жабдықтағы СН-мен бірдей таңбаланады.

20. Сынамаларды алудың барлық жазбалары осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша сынамаларды алудың есеп журналына бір мезгілде сынамалар таңбаларымен енгізіледі және осы Қағидаларға 7-қосымшасы

бойынша сынамаларды алу актісі нысаны бойынша сынамаларды алу актісі жасалады.

21. Жүргізілген түгендеудің және зертханалық зерттеулердің нәтижесінде құрамында ПХД бар жабдық келесі санаттардың біреуіне жатқызылады:

1) бірінші санат - концентрациясында 10 %-дан көп және көлемінде 5 литрден көп құрамында ПХД бар жабдықтар;

2) екінші санат - концентрациясында 0,05 %-дан көп және көлемінде 5 литрден көп құрамында ПХД бар жабдықтар;

3) үшінші санат - концентрациясында 0,005 %-дан көп және көлемінде 0,05 литрден көп құрамында ПХД бар жабдықтар.

22. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі электр жабдықтарды түгендеу жүргізіп болғаннан кейін уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша құрамында ПХД бар жабдықтың есеп тізілімі және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша меншік иесі туралы ақпарат парағын ұсынады.

23. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі жыл сайын, есеп беру жылынан кейін 31 наурызға дейін уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына жаңартылған құрамында ПХД бар жабдықтың есеп тізілімін ұсынады.

24. Құрамында ПХД бар жабдықтар істен (қолданудан) шығарылған, мұндай жабдыққа меншік құқығы өзге тұлғаға өткен, істен шығарылған құрамында ПХД бар жабдықты тасымалдаған, құрамында ПХД бар қалдықтарды жойған жағдайда, құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі құрамында ПХД бар жабдықтың мәртебесінің өзгергендігі туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жабдықтың мәртебесі өзгерген уақытқа дейін 30 күнтізбелік күннен кем емес жаңартылған құрамында ПХД бар жабдықтың есеп тізілімін ұсыну жолымен хабарландырады.

25. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі құрамында ПХД бар жабдыққа есеп жүргізу бойынша құжаттамалар мен жазбаларды бес жыл бойы сақтайды.

3. Құрамында ПХД бар жабдықты пайдалану

26. Құрамында ПХД бар жабдықтарды пайдалану барысында оларға техникалық қызмет көрсету өндіруші зауыттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесінің құрамында ПХД бар жабдықты, шығарушы зауыттың талаптарына сәйкес пайдалануы мүмкін болмаған жағдайда, құрамында ПХД бар жабдықтар мен

қалдықтар меншік иесі айлық мерзімде уәкілетті органды хабарландыра отырып, мұндай жабдықты пайдаланудан дереу шығарады.

28. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі құрамында ПХД бар жабдықты пайдалану кезінде түгендеуді, ПХД жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша персоналдарды оқытуды, құрамында ПХД бар жабдықты ұдай қарауды, өртке қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларын, жабдықты пайдаланудан шығару және ауыстыруды, орауды, сақтауды, тасымалдауды және құрамында ПХД бар қалдықтарды жоюды, апат салдарын жоюды және ПХД-мен былғанған аумақты тазалау жоспарын қамтитын ПХД басқару жоспарын әзірлейді. Жоспарлар құрамында ПХД бар жабдықтарды анықталғаннан кейін күнтізбелік жыл ішінде әзірленеді.

29. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі пайдалану кезінде қамтамасыз етеді:

1) тек құрамында ПХД бар жабдыққа қызмет көрсету үшін арнайы арналған жабдықтар жиынтығын, құрал-сайман және аспап (оның ішінде ПХД-сұйықтықтарды аударып құю үшін арналған сорғыштар, шлангілер, құбыр, тиек арматурасы, шұңқыр, қамыт, табандықтар). Сонымен қатар, ПХД-ның кәрізге, дренаждық жүйелерге, сарқынды сулардың жүйелеріне түсуін алдын алу үшін құралдар жиынтығын қамтамасыз етеді;

2) құрамында ПХД бар жабдықтар немесе қалдықтар орнатылған, сақталған жерлерде ауа алмастыруға. Ауада ПХД-ның жоғарғы концентрациялары кезінде ауа алмастыру ауаны тазалайтын қондырғылармен жабдықталады;

3) қолданыстағы құрамында ПХД бар жабдықтардың ішінен, ең сыйымды ПХД-толтырылған аппараттардың сұйықтықтарын 110 % сыйдыра алуға жалпы көлемімен жеткілікті сұйық ПХД үшін бос ыдыстар (БҰҰ-сертификатталған ыдыстар, бөшкелер, контейнерлер);

4) апаттар мен төгілулердің салдарын жою үшін құрал-саймандар, жабдықтар мен аспаптар: сұйық ПХД аққан жерлерін толтыру үшін құрал-саймандар (оның ішінде қамыт, жамаулар, герметик және тағы басқалары), сұйық ПХД төгілулерімен күресу жабдықтары, сонымен қатар – ең сыйымды май толтырылған аппараттардағы сұйықтықтарды 110 % жұту үшін жеткілікті адсорбенттер, сұйық ПХД таралуын болдырмау үшін құрылғылар (бөгейтін, жұтатын), мобильді бөгеттер (бондар), ластанған беткі қабаттарды тазалау үшін еріткіштердің қоры (керосин, дизелдік отын, скипидар, ацетон, трихлорэтан);

5) өрт сөндірудің алғашқы жабдықтары;

6) ПХД-мен жұмыс істеу кезінде персонал үшін ЖҚЖ жиынтығы: бутилкаучуктан неопреннен, нитрилдік каучуктан, ПВС, вайтоннан, саранекстен немесе тефлоннан жасалған өтпейтін қорғаныс комбинезондар, қолғаптар, бахилдар, бүйірлей қорғайтын қорғаныс көзілдіріктері және органикалық

заттардың парларына қарсы қорғайтын респираторлық жабдықтар. ПХД-мен өрт болған жағдайда автономды тыныс алу аппаратын алып жүреді.

30. Құрамында ПХД бар жабдықтарды пайдалану үдерісінде жабдықтар меншік иесі келесі параметрлерді қадағалайды:

- 1) трансформатордағы жұмыс сұйықтығының қысымын;
- 2) трансформатордағы жұмыс сұйықтығының температурасын;
- 3) трансформатордағы жұмыс сұйықтығының деңгейін;
- 4) электр техникалық жабдық үшін шығарушы зауытпен белгіленген электр техникалық параметрлер.

31. Құрамында ПХД бар жабдықты қарау ай сайын өткізіледі және келесі міндетті рәсімдерді қамтиды:

- 1) ПХД ағу белгілеріне визуалды қарау;
 - 2) жабдықтың пайдалану сипаттамасының мәліметтерін жинау.
32. Қарау кезінде келесі белгілердің бар болуына назар аударады:
- 1) Құрамында ПХД бар жабдық корпусының механикалық зақымдануы;
 - 2) құрамында ПХД бар жабдық корпусы металының тоттану орындары;
 - 3) құрамында ПХД бар жабдық корпусының және оның құбыр желілерінің балқытып дәнекерленген жіктерінің зақымдануы немесе деформациялануы;
 - 4) құрамында ПХД бар жабдық тығыздықтарының бұзылуы.

33. Ақауы бар құрамында ПХД бар жабдықты одан әрі пайдалануға және қоршаған ортаны ПХД-мен ластау және персоналдардың денсаулығына теріс әсерлерді болдырмау мақсатында жөндеуге жол берілмейді.

34. ПХД жабдықтан ағуы анықталған жағдайда, ағуды анықтаған персонал басшылыққа хабарлайды, мүмкіндігінше ағудың себебін анықтайды және оны жояды. ПХД-мен ластанған жабдықтарда, құрамында ПХД бар жабдықтарда, құрамында ПХД бар контейнерлерде балқытып дәнекерлеу жұмыстарын пайдалануға, ПХД (диоксиндер, фурандар және тағы басқа) ыдырау кезінде қалыптасатын жоғары токсинді қосындыларды болдырмау мақсатында балқытып дәнекерлеудің барлық түрлері үшін жол берілмейді.

35. ПХД төгілген жағдайда ластанған зона, аяқ киім табанымен ластануды тасымалдауды болдырмау үшін сұйықтықты сіңіретін материалмен жабылады.

36. Жабдықтан немесе ыдыстан бір литрден астам ПХД төгілген жағдайда келесі әрекеттер қолданылады:

- 1) төгілу туралы экологиялық және химиялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаны және кәсіпорын басшысын хабарлауға;
- 2) төгілу орын алған ғимаратта (жұмыс зонасында) жұмыс істеп жүрген барлық персоналды төгілу туралы құлағдар етуге;
- 3) бөгде тұлғалар мен көліктердің енуін болдырмау үшін төгілу орнын лентамен қоршау;

4) ПХД-ның кәрізге, құрғату орларына, тасқын құйылыстарға және кез келген су ағындарына және суаттарға, нөсер ағындары жүйесіне түсуін болдырмау бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ ластанған аумаққа жауын-шашындар немесе олардың үстіне ағуға жол берілмейді.

37. Төгілген материалдарды окшаулау үшін арнайы адсорбенттер пайдаланылады, адсорбенттер болмаған жағдайларда құм, цемент, брезент, киіз және т.б. пайдаланылады.

38. ПХД топыраққа аққан жағдайда, жер бедерінің 15 см қалыңдықтағы қабатын алып тастайды.

39. ПХД бетон бетіне аққан жағдайда олар төгілгеннен кейінгі алғашқы сағаттың ішінде арнайы еріткіштер мен адсорбенттерді пайдалана отырып тазаланады. Кеш тазалаған жағдайда бір сағаттан кейін бетон қабатын механикалық бұзылады және құрамында ПХД бар қалдық ретінде жойылады.

40. Ластанған еріткіш және жасалатын қосымша ластанған материалдар құрамында ПХД бар қалдықтар санатына ауысады және олармен келесі жұмыс істеуі құрамында ПХД бар қалдықтармен жұмыс істеуіне сәйкес болады.

41. Ағуды жойғаннан кейін ПХД-ға тікелей тиген барлық пайдаланылған материалдар және құрал-саймандар, сондай-ақ ластанған топырақ құрамында ПХД бар қалдық болып табылады және одан әрі жою үшін БҰҰ сертификатталған ыдыстарға салынады.

42. Барлық БҰҰ сертификатталған ыдыстар ПХД-қалдықтарымен осы Қағидаларға сәйкес таңбалаынады.

4. Құрамында ПХД бар жабдықты пайдаланудан шығару

43. Құрамында ПХД бар жабдықты пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ету үшін барлық ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар орындалады.

44. Кез келген құрамында ПХД бар жабдықты пайдаланудан шығару кезінде құрамында ПХД бар жабдық тізілімінде бұл жабдық жөніндегі жазбалар жаңартылады.

45. Пайдаланылудан шығарылған құрамында ПХД бар жабдық Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 293-бабына және осы Қағидаларға сәйкес қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу бойынша одан кейінгі рәсімдерді орындай отырып, құрамында ПХД бар қалдық санатына көшіріледі.

46. Құрамында ПХД бар жабдық пайдаланудан шығарылғаннан кейін құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына сәйкес одан әрі залалсыздандыру немесе жою үшін қауіпсіз уақытша сақтауды қамтамасыз етеді.

47. Герметикалығын сақтаған, жабық типтегі орындаудағы кіші габаритті жабдықтар (конденсаторлар) пайдалану орнында бөлшектенеді және ашылмастан және ПХД төкпестен бүтін күйінде оралады.

48. Ірі габаритті құрамында ПХД бар жабдықтар (трансформаторлар, сөндіргіштер, енгізгіштер, реакторлар) пайдаланудан шығарылғаннан кейін тасымалдау кезінде ағуды болдырмау үшін ПХД төгілуге жатады.

49. ПХД қауіпсіз төгу үшін қамтамасыз ету қажет:

1) жобаланып отырған төгілетін май мөлшерінен 110 % мөлшердегі төгілетін май үшін БҰҰ сертификатталған ыдыстар. Ыдыстар осы Қағидаларға сәйкес құрамында ПХД бар ретінде таңбаланады;

2) персоналдарға ПХД-мен жұмыс үшін жарамды ЖҚЖ пайдалана отырып қауіпсіз еңбек шарттары;

3) сұйық ПХД айдау үшін арналған сорғыштар мен қосатын шлангтер;

4) төгілулермен күресу жабдықтары (адсорбенттер, бөгеттер, ескі құсқы);

5) ыдысқа құйылған ПХД сақтау орны.

50. ПХД құю рәсімі алдында, төгілуді болдырмау үшін құю үшін учаскеге бір немесе екі қабат мықты полиэтилендік төсеме төселеді және ПХД айдайтын және құятын жабдықтың астын, шлангтердің қосылған және тиек арматуралар орындарында екінші қорғаныс жабдықтары (табандықтар, ыдыстар) болады. Табандықтар мен ыдыстар темір болуы керек немесе полиэтиленмен төселеді.

51. Құю шығарушы зауыт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

52. ПХД негізгі мөлшері құйып алынғаннан кейін, жабдық ПХД барынша құйып алу үшін қажетті қырымен бекітіледі. Жабдықта құйып алғаннан кейін ішкі бедерлерінде белгілі бір уақыт өткеннен кейін баяу ағатын белгілі көлемдегі ПХД қалады. Құйып алу құрылғысын жабдықты кептіру рәсімі біткеннен кейін жабылады, жабдық ПХД қалдықтарын сіңіру үшін адсорбенттермен толтырылады.

5. Құрамында ПХД бар қалдықтарды орау

53. Адам денсаулығы мен қоршаған ортаға мүмкін зардабын болдырмау үшін құрамында ПХД бар қалдықтарды тасымалдауда, жүкті тиеп түсіруде және сақтағанда ағуына және зақымдануына (тотығу) жол бермейтіндей тиісті түрде ыдысқа оралады.

54. Ыдыс және орама ПХД қатысты инерттік материалдардан әзірленеді.

55. Құрамында ПХД бар қалдықтарды орау Халықаралық жол тасымалы туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

56. Құрамында ПХД бар қалдықтардың түріне байланысты ораудың үш түрі бар:

1) Ірі габаритті трансформаторлар табандыққа жауын-шашын тиюін болдырмау мақсатында тығыздығы 100 мкм кем болмайтын полиэтиленді пленкаға оралады және трансформаторда бар сұйықтықтың 125 % ұстап қалуға қабілетті металл табандыққа бекітіледі. Табандыққа жабдықта бар сұйықтық мөлшерінің кем дегенде 1,1 мөлшерін сіңіру үшін жеткілікті сорғыш материал салынады;

2) Қатты қалдықтар – конденсаторлар және сұйықтығы бар, сонымен қоса босатылған өзге де кіші габаритті жабдықтар, сондай-ақ ПХД (бетон плиталарында немесе өзге де жабылған беттерде) төгілуін жою нәтижесінде қалыптасқан қалдықтар сорғыш материалдардың көмегімен тығыздығы 100 мкм кем болмайтын полиэтиленді пленкаға оралады және сорғыш материалдармен (кем дегенде 10 см) БҰҰ сертификатталған контейнерлерге немесе бөшкелерге салынады. Бір бөшкеге немесе контейнерге бірнеше жабдық бірлігін және өзге де қалдықтарды, онда жеткілікті көлемде адсорбент болу шартымен салуға болады. Қалдықтар оның орналасу жағдайы өзгеру барысында ыдыс ішінде қозғалмайтындай дәрежеде оралады, оларды бекіту үшін пенополистирол блоктары мен монтаждық көбікті пайдалануға кеңес беріледі. Қатты қалдықтар үшін ораудың келесі түрлері пайдаланылады:

болат бөшкелер UN1A2Y;

пластмасса бөшкелер UN1H2Y;

болат контейнерлер UN11A, UN11B, UN11N, UN21A, UN21B және UN21N;

қатты пластмасса контейнерлер UN11H1, UN11H2, UN21H1 және UN21H2;

3) трансформаторлар мен конденсаторлардан төгілген сұйық қалдықтар, сондай-ақ ПХД-мен ластанған өзге де сұйықтықтар үшін БҰҰ сертификатталған келесі ыдыс түрлері пайдаланылады:

болат бөшкелер UN1A1Y мөлшері 200-250 литрлі жоғарғы қақпағы шешілмейтін сұйық қалдықтар үшін;

көлемі шамамен 200 литрлі пластикалық бөшкелер UN1H1Y;

көлемі 1000 литрден аса 31A, 31B, 31N контейнерлері мен цистерналары.

57. Сұйық қалдықтарды орау кезінде бөшкеде сұйықтықтың ұлғаюы коэффициентін ескеріп, жеткілікті кеңістіктің қалуын қадағалайды.

58. Дұрыс толтырылмаған оралған жабдықтар немесе ыдыс сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді. Орау құралын немесе ыдысты қалдықтармен толтыру тұрақты негізде жүзеге асырылады. Қақпағы шешілетін ыдыстың ішкі кеңістігі салудың барлық циклі барысында көзбен бақылау үшін жеткілікті болады.

59. Қауіпті қалдықтары бар орама немесе ыдыс бүтіндігі бұзылған жағдайда одан әрі сақтау үшін сыртынан екінші рет үлкен мөлшердегі ыдысқа орау немесе метал табандыққа орналастырылады.

60. Қалдықтарды жылу немесе сәуле түсу арқылы қызуға тартылмайды.

6. Құрамында ПХД бар қалдықтарды таңбалау

61. Оралған құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтарды қадағалау, бақылау және тасымалдау немесе сақтау үдерісіндегі қауіптілікті ескерту мақсатында ""Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысына сәйкес таңбаланады.

62. Таңбалаудың екі түрі бар:жүк бірлігін таңбалау және көлік құралын таңбалау.

Құрамында ПХД бар және тасымалдауға дайындалған орау бекітілген үлгідегі өшпейтін және айқын таңбалау белгісі болады және ыдыстың ешқандай бөлігі немесе компоненті және ешқандай өзге белгі немесе өзге таңба оны жаппайтындай және бөгемейтіндей орналастырылады.

Барлық оралған құрамында ПХД бар қалдықтар меншік иесінің аумағынан көшірілер алдында осы Қағидаларға 10-қосымшаға және11-қосымшаға сәйкес таңбаланады.

7. Құрамында ПХД бар қалдықтарды сақтауды ұйымдастыру

63. Құрамында ПХД бар қалдықтарды өндіріс аумақтарда, алаңдарда немесе арнайы үй-жайларда уақытша сақтау оларды орналастыру сәтінен бастап 12 айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

64. Уақытша сақтау мерзімі біткен немесе құрамында ПХД бар қалдықтар жиналу шамасы бойынша құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесі қалдықтарды ПХД УСОҚ-қа өткізуі немесе экологиялық дәлелденген негізде жойылуға тапсырады. Бұл ретте меншік иелері өзге ұйымдардың қызметін пайдалануға немесе өз алдына ПХД УСОҚ талаптарына сәйкес қоймаларды ұйымдастыруларына болады.

65. Құрамында ПХД бар қалдықтарды сақтау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

66. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесінің уақытша сақтау орнында, осы Қағидаларға 5-тарауының талаптарына сәйкес оралған құрамында ПХД бар қалдықтарды орналастыруға жол беріледі.

67. Қалдықтарды құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иесінің аумағында уақытша сақтау кезінде келесі шарттар сақталады:

1) үй-жай немесе аумақ атмосфералық жауын-шашын мен желдің әсерінен қорғанады (брезентпен жабылған, төбелік қалқамен жабдықталған);

2) жердің беті су өтпейтін және химиялық әсерлерге шыдамды және қабылдағышқа жинап ағу үшін еңісі болады;

3) аумақ және үй-жай осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қауіптілік белгісімен оқшауланған және қоршалған болады;

4) үй-жайда тұрақты ауа алмасуы үшін саңылау болады (ауа сорғыш немесе желдетудің қарапайым жүйесі);

5) үй-жай өрт сөндірудің алғашқы жабдықтарымен (ұнтақты өрт сөндіргіш, адсорбенттер) жабдыкталады;

6) үй-жайға жақын жерде өртке қауіпті материалдарды (ағаш, отын және т.б.), сондай-ақ азық-түлікті сақтамауды немесе жинамауды тыйым салу.

68. ПХД УСОҚ-та экологиялық рұқсатты алған сәтінен бастап 24 айдан аспайтын мерзімге құрамында ПХД бар қалдықтарды рұқсат етілген қауіпсіз орналастыруға жол беріледі.

69. УСОҚ құрамында ПХД бар қалдықтарды түпкілікті жойған немесе залалсыздандырған сәтке дейін екі жылдан көп емес мерзімге оларды қауіпсіз сақтау үшін арналған техникалық жасақталған және жарақталған ғимарат немесе үй-жай болып табылады.

70. УСОҚ-та құрамында ПХД бар қалдықтарды сақтау Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 8-тарауына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган немесе оның аумақтық органдары берген экологиялық рұқсатта көрсетілген санда және түрлерде ғана жол беріледі.

71. Құрамында ПХД бар жабдықтар мен қалдықтар меншік иелері УСОҚ қызметін келісім шарт негізінде пайдаланады, немесе УСОҚ талаптарына сәйкес келетін объектілерде орналастыру бойынша операцияларды дербес жүргізеді.

72. УСОҚ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және төтенше жағдайлар бойынша уәкілетті органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісі бойынша пайдалануға қабылданады.

73. Құрамында ПХД бар қалдықтарды уақытша сақтаудың орталықтандырылған қоймасын жеке және заңды тұлғалардың ұйымдастыруы (орналастыру, құрылысын салу және пайдалану) мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және құрылыс сараптаманың оң қорытындысы бар жоба бар болған жағдайда жүзеге асырылады. Құрамында ПХД бар қалдықтарды сақтау Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 291-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

74. УСОҚ иелері келесіні қамтамасыз етеді:

1) ораудың немесе ыдыстың тұрақты есебін (түрі, саны, қасиеті) жүргізуге және тиісті журналда белгіленген талаптарға сәйкес жазбаларды жүргізе отырып белгіленген талаптарға сәйкестігін мерзімді тексеру;

2) қалдықтардың есебі және жағдайы бойынша құжаттамаларды 5 жыл бойы сақтау;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органға қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өз қызметі туралы жыл сайын есепті ұсыну;

4) қалдықтармен апаттық жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және апаттық жағдайлар туындаған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылдауға, бұл жөнінде төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-эпидемиология бойынша уәкілетті органдарды жедел ақпараттандыру;

5) қалдықтармен жұмыс жасауға алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден және құрамында ПХД бар қалдықтармен жүкті тиеу-түсіру және орау жұмыстары барысындағы қауіпсіздік техникасы бойынша, сондай-ақ апат және тосын оқиға салдарын жою бойынша нұсқаулықтан өткен тұлғаларға рұқсат ету;

6) жабу, қайта өңдеу және ол жабылғаннан кейін ластануларға мониторинг және бақылау жүргізу үшін тарату қорын құру;

7) міндетті экологиялық сақтандыру;

8) персоналдар үшін ЖҚЖ және төтенше жағдайларды жою үшін жабдықтардың бар болуы, атап айтқанда ПХД-сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде бутилкаучук, неопрен, нитрилдік каучук, ПВХ, вайтон, саранекс немесе тефлон (латекс) немесе поливинилхлорид (ПВХ)) сияқты материалдардан жасалған өтпейтін қорғаныс комбинезондар, қолғаптар, бахилдар, сондай-ақ бүйірлей қорғайтын қорғаныс көзілдіріктері және органикалық заттардың парларына қарсы қорғайтын респираторлық құралдар киеді. ПХД-мен өрт болған жағдайда автономды тыныс алу аппаратын алып жүреді.

75. ПХД УСОҚ техникалық жарақтандырылған, жабдықталған ғимарат немесе үй-жай болады. Келесі шарттар сақталады:

1) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ кіретін мықты темір есікпен жабдықталады;

2) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелері талаптарына сәйкес табиғи немесе жасанды жарық, сумен жабдықтау және кәріз, құйыла-тарту желдету жүйесі, көмір сүзгіш немесе өзге адсорбентпен жасақталған болады;

3) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ шеттетілген және ол үшін арнайы арналған жерде орналасуы, темір жол және автомобиль кіре берістері бар тұрғын үйлер зонасынан 1000 м қашықтықта орналасқан болады;

4) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ дуалмен қоршалған және жабылатын аумақта орналасады, ПХД қоймасына кіре беріс жабық және қорғалған болады, тиісті рұқсаты бар тұлғалар ғана қоймаға кіре алады;

5) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ төмен температураларды қамтамасыз етуді қосқанда, булануды азайтуға әкеп соғатын шарттарды жасайды және қолдайды;

6) Құрамында ПХД қалдықтардың УСОҚ шатыр және дуал үшін жылуды қайтаратын төсеніштерді пайдаланады;

7) УСОҚ шатырлары объекттен суды көлденең ағуды қамтамасыз ететін еңсесі болады;

8) УСОҚ-тың жер төсеніштері бетоннан немесе мықты пластмасса парағынан (6 мм қалыңдықта) жасалады. Бетон төсенішті үйкеліске шыдамды полимерлік эпоксидтық шайырмен жабады;

9) қалдықтарды сақтау үшін үй-жайдың жер төсенішінде ернеу болады, су ағар жүйесі жалпы кәріздік су ағарға, жауын суын бұрғыш арнасына немесе жер сужинағышына шықпайды, жобалық шешіммен арнайы жабдықталған сыйымдылыққа (жабық түрдегі) және/немесе ағынды құдық түріндегі өз коллекторлық жүйесі болады;

10) УСОҚ автоматты өрт хабарлағышының жүйелерімен жабдықталған болады;

11) қойма ғимараты найзағайға қарсы қорғаныспен жабдықталады;

12) УСОҚ сыртқы жағынан осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес қауіптілік белгісі нысаны бойынша тиісті таңбаға сәйкес қауіпті объект ретінде белгіленеді;

13) "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысына (бұдан әрі – Техникалық регламент) сәйкес жарылғыш өрттік және өртті қауіптілік санаттары анықталуы қажет;

14) қойма үй-жайы өрт сөндірудің алғашқы жабдықтарымен жасақталады. Өрт сөндірудің алғашқы жабдықтарының саны және типі Техникалық регламентке сәйкес анықталады;

15) қойма ғимараты Техникалық регламентке сәйкес ішкі өрт сөндіру су құбырымен жасақталады.

76. УСОҚ-та қоршаған ортаға эмиссиялар рұқсатында белгіленген нормалардан аспайтын көлемде қалдықтарды сақтауға рұқсат етіледі.

77. Қалдықтарды ұшқын жасайтын, қыздыратын құрылғыларға және өзге де жылу көздеріне жақын сақтауға жол берілмейді.

78. Өртке қарсы құрылғыларға қол жетімділікті және баратын жолды бөгеуге рұқсат етілмейді.

79. Қалдығы бар контейнер мен бөшкелерді бірінің үстіне бірін екі жүк бірлігінен артық жиналмайды.

80. Бөшкелер мен трансформаторлар оларды ашалы жүк көтергішпен, не кранмен жылжыту үшін табандықтарға орналастырылады. Табандықты

жылжитқанға дейін бөшекелер мен трансформаторлар тиісті тіреу құрылғыларымен бекітіледі.

81. Контейнерлерді сақтау металдың тотығуын алдын алатын тіреуіштерде жүзеге асырылады.

